

DOI 10.54596/2309-6977-2021-2-86-93

ӘОЖ 81

FTMP 16.01.11

ТІЛІМ МЕНІҢ - ТҰҒЫРЫҢ БИІКТЕГІН

Төлешева Г., Ахметова Н.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Авторлар «Тілім менің – тұғырың биіктегі» атты Ахмет Байтұрсыновтың «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген сөзімен басталған мақалада қазақтың біртуар ұлы ұлағатты сөзі әрбір қазақтың санасына – шырақ, жүрегіне жігер беруі керек екендігін айтып кеткен. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық болмыс пен рух, ол – мәдениет, ол – өнер, ол – білім мен ғылым, ол – тәрбие, бір сөзбен айтсақ өркениеттіліктің басты көрсеткіші. Тіл құдыретін жіті түсінген алаш көсемдері қазақ тілін сақтау мен даму мәселесіне ұлттық құндылық деңгейінде қарады.

Авторлар қазақ тілінің әліпбиін, емлесін жасаумен, ішкі заңдылықтарын ғылыми дәйектеумен бірге Алаш зиялылары тіліміздің тазалығы, мәдениеті үшін күресі жайлыда тоқталып өткен.

Кеңестік идеология ұлттық тілімізге елеулі кері әсерін, теріскейде орналасқан Солтүстік Қазақстан облысы қазақтарының жағдайы, өңірдегі қазақ тілінің мәртебесін биік ұстауға тырысқан саусақпен санарлық қазақ ауылдарының жай күйі көрсетеді.

Қазақтың кешегісі мен бүгінгісін және болашағын ұлтжандылықпен ойлап, зерттеп, саралап кеткен академик Манаш Қозыбаевтың «...Ана тілі дамыған, ата тарихы танылған, барша болмысы көркем тілде жазылған халық қана өркениеттің төл перзенті» деп аяқталған.

ЯЗЫК МОЙ - ВЫСОТА ПЬЕДЕСТАЛА

Тулешева Г., Ахметова Н.

СКУ имени Манаша Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Авторы статью под названием - «Тілім менің – тұғырың биіктегі», начиная со слов Ахмета Байтұрсынова «Национальность людей, говорящих своим языком, пишущих своим языком, никогда не исчезнет. Самым мощным из того, что вызывает как сохранение, так и потерю нации, является язык. Народ, потерявший свой язык, исчезнет и сам.», рассказывают о том, что каждое великое слово должно дать волю сознанию и сердцу каждого казаха. Язык – это не только средство общения, это – национальное бытие и дух, это – культура, это – искусство, это – образование и наука, это-воспитание, одним словом, главный показатель цивилизованности. Алашские вожди, остро осознавшие языковые возможности, подошли к вопросу сохранения и развития казахского языка на уровне национальных ценностей.

Авторы также рассказывают о борьбе алашской интеллигенции за чистоту языка и культуры, вместе с созданием алфавита, орфографии казахского языка, научным обоснованием внутренних закономерностей.

Советская идеология оказала серьезное негативное влияние на наш национальный язык, это характеризуют положение казахов Северо-Казахстанской области и состояние казахских аулов, стремящихся сохранить статус казахского языка в регионе.

Статья заканчивается словами академика Манаша Козыбаева, который изучал и анализировал прошлое, настоящее и будущее казахов. «... Только люди, чей родной язык развит, чья история предков признана, являются единственными детьми цивилизации».

MY TONGUE IS THE HEIGHT OF THE PEDESTAL

Tulesheva G., Akhmetova N.

NKU named Manash Kozybayev, Petropavlovsk, Kazakhstan

Annotation

The authors of the article - «Тілімменің – тұғырыңбиіктегі», starting with the words of AkhmetBaitursynov, "The nationality of people who speak their own language, writing their own language, will never disappear. The most powerful of what causes both the preservation and the loss of a nation is language. The people who have lost their language will disappear themselves", they say that every great word should give free rein to the consciousness and heart of every Kazakh. Language is not only a means of communication, it is a national being and spirit, it is culture, it is art, it is education and science, it is upbringing, in one word, it is the main indicator of civilization. The Alash leaders, acutely aware of the language possibilities, approached the issue of preserving and developing the Kazakh language at the level of national values.

The authors also wrote about the struggle of the Alash intellectuals for the purity of language and culture, along with the creation of the alphabet, spelling of the Kazakh language, scientific substantiation of internal laws.

The Soviet ideology had a serious negative impact on our national language; this is characterized by the position of the Kazakhs of the North Kazakhstan region and the state of the Kazakh villages seeking to preserve the status of the Kazakh language in the region.

The article ends with the words of academician ManashKozybayev, who studied and analyzed the past, present and future of the Kazakhs. "... Only people whose native language is developed, whose ancestral history is recognized, are the only generation of civilization."

Кіріспе

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», [1, 152] – деген қазақтың біртуар ұлы Ахмет Байтұрсыновтың ұлағатты сөзі әрбір қазақтың санасына – шырақ, жүрегіне жігер беруі керек. Тарих тағылымында есімдері ерекше аталатын алаш қайраткерлерінің ұлт-азаттық қозғалысы дін және тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, жер мен елдік дауына ұласқаны белгілі. Ата-баба мұра еткен қазақтың кең даласында бостандықтың желі ескенін армандап, соның жолында өз өмірлерін қиюға тәуекел етті.

Қазақ әдебиеті мен тіл ғылымын зерттеуші алғашқы ғалымдардың бірі, Ахмет Байтұрсыновтың шәкірті Телжан Шонанұлы осыдан бір ғасыр бұрын «Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды», [2] – деп қазақ тілінің әлі де қаймағы бұзылмай тұрған кезде айтып кеткен еді. Бүгінгі қоғам көрінісіне барлай қарасақ, осы қауіптің алғашқы белгілері айқындала бастағандығы ащы болса да шындық. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық болмыс пен рух, ол – мәдениет, ол – өнер, ол – білім мен ғылым, ол – тәрбие, бір сөзбен айтсақ өркениеттіліктің басты көрсеткіші. Тіл құдыретін жігі түсінген алаш көсемдері қазақ тілін сақтау мен даму мәселесіне ұлттық құндылық деңгейінде қарады.

«Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді» [3, 332-333]. Алаш көсемдерінің

ұлтжандылық ұлы сезімдері бүгінде өз жалғасын табуда деген тұжырымды жоққа шығара алмаймыз, десек те, оның құлашын кеңге салуында мәселелердің бар екендігін де өкінішпен айтамыз. «Тіл туралы» заң қабылданғаннан бері мемлекеттік тіл статусын иеленген қазақ тілінің қолданыс аясында көңілге кірбең түсіретін мәселелердің орын алып жатқандығы жанайқаймен айтылып жүргендігі де сол алаш көсемдерінің ұлттық ұстанымдарының жалғасы болса керек. Өткен ғасырдың басында орын алған тілдің шұбарлануы әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселе. Кеңестік саясат қазақ тілінің жоғалып кетуіне шақ қалдырды. Қазақ жерін социалистік идеология «жайлаған» заманда қаны қазақ азаматтарымыздың өзі балаларын қазақ мектебіне беруден бас тартып, ұрпағының болашағын орыстілділікпен жасауға бел буды. Басқа өңірлерді айтпағанда, халық саны көп Алматы қаласының өзінде қазақ тілінде білім мен тәрбие беретін бір ғана мектеп болғандығы, бүгінде қорқынышпен еске алатын жайт. Сол кезде орын алған тіл шұбарлығына әлі де балта шаба алмай келеміз. Өйткені, сондағы бала, бүгінде аға буынның орыстілділігі ұрпақтың қанына қазақ тілін сіңіре алмай келеді. Кезінде Ахмет Байтұрсыновтың «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша өзге тілді оқытуға тиіспіз» [4, 33], – деп жанды жерге тиргізіп айтқаны, бүгінгі қоғамның да өзекті да мәселесі болып қалуда.

Бүгінде XX ғасырдың басында тіл туралы ой қозғаған, іс-әрекет еткен алаш көсемдерінің ұлағат сөздерін жадымыздан шығармау үшін, оқтын-оқтын оралу, ойға түйіп, сананы қозғалту қажеттілік деп білемін. Тарихқа көз жүгірер болсақ, өткен ғасырдың басында ұлтын ұлықтау үшін тілдің мәртебесін көтеру жолында қыруар жұмыстардың атқарылғандығын көреміз. Қазақ журналистикасының негізі қаланған сонау жылдарда бүгінгі тәуелсіздігіміздің алғашқа іздері түскен үлкен сара жолды беттері сарғайған басылымдар айғақтайды. Оларды мерзімді басылым тарихын зерттеп жүрген ғалымдарымыздың еңбектерінен де көру қиын емес. Ресейдің отарлау саясатының кеңінен етек жайып, қазақты ұлт ретінде болдырмау әрекеттеріне қарсы ұлт зиялылары бас көтеріп, ұлтжандылық сезімдерімен жылдан-жылға бұғақтап жатқан «шынжырды» үзуге әрекеттенді. Мерзімді басылымдар ашып, халықтың ой-санасына түрткі салу мақсатын көздеген сол заманның газет-журналшыларының діттеген ойлары әлі күнге дейін түісіне білген адамға үлкен азық.

Алаш зиялылары XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін айтып кеткен. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі орнын сезініп, оған тұңғыш рет берілген толымды баға болатын. Бұл да тәлімі тарихи деуге татитын Алаштың орасан өнегесі болатын. XX ғасырдың басында жарық көрген қазақ тілді басылымдарда қазақ ұлтының болмысын сақтап, ұлттық рухын әрі қарай көтеретін құнды материалдар жарық көрді. Алаш көсемдері тілді елдің тұтастығын, ұлттың жасампаздығын сақтап қалудың жолы деп білген. Сондықтан жергілікті халықтың тілінде мерзімді басылымдар шығарып,

қоғамдағы орын алған мәселелерді көтеріп, елдік пен ұлттық болмысты сақтауға шақыратын материалдарды жария еткен. Сол жылдардағы басылымдардың ішіндегі «Қазақ» (1913-1918 жж.) газетінің шоқтығы биік. Бұл – қазақтың бағына туып, ұлтын кемелдендіру жолында ойлары мен мақсаттары бір арнаға тоғысқан Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов сынды ұлдарының парасатты да зиялы іс-әрекеттері қалған басылым. Бұл – Мұхтар Әуезовтың «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті», деп берген бағасына лайықты басылым.

Алаш көсемдерінің ішкі жанайқайын олардың бізге мұра болып жеткен жазбаларынан айқын көре аламыз. Өздері өмір сүрген заманның әр өзекті мәселесіне назар аударып, оны шешу үшін ой тастауға тырысады. Әсіресе, ұлттың енжарлығына, жаңаша өмір сүруге деген талпыныстың аздығына қарындары ашып, халықтың санасын ояту үшін жағымсыз мінез-құлықтарын әшкерелейтін публицистикалық материалдармен, өлең-жырлармен үндеу жасайды. Мұхамеджан Сералин шығарған журналын «Айқап» атауының өзі заманында көптеген адамның санасына жарық түсірді деп білемін. Немесе Мыржақып Дулатовтың «Жатыр» өлеңін еске түсіріңіз.

Алаштықтардың тіл мәселесіне ашына айтқан ойлары да бүгінгі проблемамен сабақтасып жатқан жоқ па?! Мәселен, Мыржақып Дулатовтың 1926 жылы жарияланған «Қазақ тілінің мұңы» мақаласының мазмұнына көз жүгіртіп, ой түйіп көрелік.

«Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын.

Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мен мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден естідім. (Байтұрсынов) Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Мисонерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін... [5].

Алаш көсемдерінің ұлттық тілді жүйелеу, дамыту үшін теориялық негізін қалау жолында да аянбай еңбек етті. «Оқу құралы», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқышқа», «Әдебиет тарихына» сияқты еңбектердің авторы Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми-тілдік мектептің негізін қалап, тіл және әдебиет ғылымдарының білімділерін қалыптастыруды алғашқылардың бірі болып қолға алды. Қазақтың ұлы реформатор-педагогі Ахмет Байтұрсыновтың алғаш 1912 жылы «Оқу құралы» деген атпен жарық көріп, кейін толықтырылып 1927 жылы «Жаңа Әліпби» деген атпен мектеп табалдырығын аттаған бұлдіршіндердің алғашқы білім кітабы болғанын білеміз. Басылым авторына көрсетілген кеңестік идеологияның қыспағы қазақтың «Әліппесінің» қолданыстан шығып қалуына әсер етті. Бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынұлы жазған сол кітап негізінде бұлдіршіндерге білімнің алғашқы баспалдағын жасауға мүмкіндік берілді. Араға ғасыр салып, ол басылымның маңызы мен мәнін жоғары бағалау бүгінгі күннің ұтқан шешімі деп білеміз.

Білім беру жүйесіндегі мектеп табалдырығын аттаған бүрдіршіндер қолға алатын «Әліппенің» маңыздылығы соншалықты еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген жаңа мазмұндағы «Әліппеге» Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев алғысөз жазып, жас буынға арнайы құттықтауын білдірген еді. «Әліппенің» оқу бағдарламасынан шығып қалуы ата-аналардың, ұстаздар қауымының, бүкіл қазақ қоғамының наразылығын тудырды. Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетов аяулы кітапты оқушыларға қайтарып, көптің ризашылығына бөленді», - деп бұл әрекетке оң бағасын берген мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» газет бетінде «Төрлет, Әліппе!» деген мақаласымен сүйіншіледі [6].

Жақсылықтың ерте-кеші жоқ. Қазақ тілінің әліпбиін, емлесін жасаумен, ішкі заңдылықтарын ғылыми дәйектеумен бірге Алаш зиялылары тіліміздің тазалығы, мәдениеті үшін де күресті. Х. Досмұхамедұлы «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», М. Дулатов «Қазақ тілінің мұңы», Н. Төреқұлұлы «Ауропа сөздері» сияқты еңбектермен ұлттық тілдің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуына, басқа тілдердің әсерін сіңірмеуіне, тіл табиғатының бұзылмауына көпшіліктің назарын аударып, өрелі ойларын айтып кетті. Олардың қазақ тілі мәселесіне ерекше мән берулерінде ұлттық сезімнің, қамқорлықтың тұрғаны анық. Ардақтыларымыз тіл тағдырын ел тағдырымен сабақтастыра отырып, жүрек түкпірінен жалындап шыққан жырларымен ана тіліне деген жанашырлықтарын, құрметтерін білдірді. Мәселен, А. Байтұрсынұлының «Туған тілім», М. Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С. Торайғыровтың «Туған тіліме» т.б. өлеңдер соның айғағы. Зерттеушілер Ә. Бөкейхановтың ұлттық мемлекетті құру жөніндегі көзқарасын бес ұстанымымен сипаттап, сондағы «төртінші ұстанымы - қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек» дегенді айтады [7]. Осы тұжырымнан Алаш көсемдерінің мемлекет қалыптастыру деген ұғымның астарында жергілікті халықтың тілі, ұлттық тілге қандай мән беріп отырғандығын көреміз.

Сол заманнан бері қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тіл тазалығы, сөз мәдениеті тақырыптары мемлекеттік деңгейдегі мәселе көрінісінен түспей келеді. Қазақ тілінің қолданыс мәселесі ХХ ғасырдан бастап бүгінге дейін өзектілік танытып келе жатқан тақырып. Оның орыс патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының ықпалынан бастау алғандығын тарихи деректер айғақтайды. Оған дейінгі қазақтың ауыз әдебиетінде, айтыс өнерінде ана тілге түскен көлеңкені бүгінгі зерттеуші ғалымдардың мәселе етіп көтеріп жүргенін естімедім. ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың шығармаларының өзінде қазақ тілінің қоғамдағы тар қолданысы жайында әңгіме қозғалмайды. Ақын тек поэзия әлеміндегі сөз мәнісіне назар аударады.

Абайтанушы, филология ғылымдарының докторы Қажым Жұмалиевтің «Абайдың поэзияға тілі жағынан қоятын шарты ең алдымен «жеңілдік» (түсінікті), «жүрекке жылы тию» (сезімге әсер ету), «мағынасының түзу келуі». Осыларды жинақтай келіп, Абайдың өзі қалдырған формуласымен айтсақ, «іші алтын, сырты күміс» жақсы сөз, міне, поэзия-өлеңнің тілі. Бұл формула сөздердің түсініктілігін де, әдемілігі, сезімге әсер ету жағын да, мазмұнының терең болуын да толық қамтиды. Сөз дәлдігін бұзатын екіұштылық, түсіну, ұғымды ауырлататын жасандылық, сөз, сөйлемдердің көркемдік қасиеті, мазмұнын сұйылтатын мағынаға қатысы жоқ, орынсыз шет сөз қолданушылық, бәрін де Абай өлеңнің құнын түсіретін нәрсе деп қатты сынады, мейлінше қарсы болды», - деп жазған зерттеулері ойымызды растайды [8]. Иә,

ақынның «Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бейшарасы» - деп жырлауының да мәнісін осында.

Қазақ тілінің қолданыс аясының күрт төмендеп кетуі кеңестік дәуірмен тұспа-тұс келеді. Кеңес үкіметі жылдарындағы Қазақстандағы тіл саясатын докторлық диссертациясына тақырып етіп алған Айман Жұманова: «Кеңестік жылдардағы саясат бойынша коммунизмге жету үшін барлық халықтың бір тілде болуы басты шартқа айналып, соның нәтижесінде орыс тіліне ерекше мүмкіндік беріліп, оны игерудің маңыздылығы жоғарғы тұрды. Нәтижесінде, сол дәуірдегі қазақ қоғамында халықтың дүние танымы өзгерістерге ұшырап, қазақтың өз тіліне, салт дәстүрі мен әдеп ғұрпына немқұрайлы қарау құбылысы байқалды. Кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жүргізілген тіл саясатының теріс салдары әлі де жойылған жоқ», - деп тақырыптың өзектілігін атап көрсетеді[9].

Кеңестік идеология ұлттық тілімізге елеулі кері әсерін тигізіп кетті. Жетпіс жылдан аса өз ана тілін екінші кезекке қойған қазақтар ұлттық тәрбиені ұмытып, ұрпағын «мәңгүрттікке» итермелеп, балаларынатегі мен ұлтының кім екендігін ұмыттыра бастады. Ана сүтімен, бесік жырымен бойына сіңетін тілді құмары қанып ембеген ұрпақ «адасу» жолына түсті. Теріскейде орналасқан Солтүстік Қазақстан облысы қазақтарының жағдайы тіпті күйінішті еді. Облыс орталығында тіл қолданысы мүлдем жоғалды. Өз басымнан өткен соң бұл жайт маған жақын таныс. Облыс орталығына жолаушылап келе қалған күндерде, қоғамдық орындар мен көліктерде орысша сөйлей алмайтындығыма ұялатын заманды да бастан өткердік. Бұл, әрине, саясаттың мықты әсері болатын. Тіпті мекемелерден анықтама қағазын сұрай қалсаң, оны тек орыс тілінде беретіндігі бүгінде адамды сенер-сенбестікке қалдырары анық. Облыс орталығында қазақ тілінде білім беретін бір ғана мектеп болды. Оның өзінде мектеп-интернатқа келіп оқитын қазақ ауылдарының балалары болатын. Шынтуайын айтсақ, өңірдегі қазақ тілінің мәртебесін биік ұстауға тырысқан саусақпен санарлық қазақ ауылдары еді.

Жетпіс жылдан аса уақыт езгі көрген қазақ тілінің болашағының таңын атырған ел тәуелсіздігі болды. Оның алдында 1989 жылы «Тіл туралы» заң қабылданып, ұлттың мәртебесі бір көтерілгенін білеміз. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін 1993 жылғы Конституцияда бекітіп, 1997 жылы Тәуелсіз Қазақстанның «Тілдер туралы» заңы қабылданды. Сол заңның 4,7,9 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік құжат бойынша қазақ тілінің құдіреті жетерлік. Бірақ іс-жүзіндегі абырой-беделі көңілден шығады ма? Мәселе осында.

Қазақстанның Ата Заңында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлем орыс тілінің айын оңынан туғызды емеспе?! Орыс тілін қатынас тіл ретіне «занды» түрде қолданып жүргендерге сот айта алмайтын жайтты бастан кешіріп отырмыз.

Жақында әлеуметтік желіден қазақ жерінде дүниеге келіп, өмір сүріп, кейін атажұртына қоныс аударған ұлты неміс әжейдің ой-толғанысын естіп, риза болдым. Ол: «Қазақстанда өзге ұлт өкілдерінің тіл үйренбеуіне қатысты толқулар болып жатыр дейді. Мен оларды түсінбеймін. Қазақ жерін басып, қазақ ауасымен демалып өмір сүрсең, неге жергілікті ұлтқа деген құрметпен тілді үйренуге талпынбасқа. Мен Германияға көшіп келген кезде «Саған қандай тіл ыңғайлы?» деп ешкім сұраған жоқ.

Кез-келген мекемеде сұрағыма жауапты неміс тілінде алдым. Тілді түсінбей жатсам, оған реніш білдіру менің ойыма да келмеді. Өйткені, мен өз еркіммен осы елдің азаматы болу құқығын таңдадым. Қазақстанда неге осы қағида сақталмауы керек?», - дейді. Сөзінің жаны бар. Неге қазақ тілі өз жерінде «мүсәпір» күй кешуі керек?

Тәуелсіздіктің 30 жылында қазақ тілі мәртебесі алға жылжымады деп айтудан аулақпыз. Олай деуге атқарылған жұмыстардың нәтижелері мүмкіндік бермейді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында жүргізілген жүйелі жұмыстар нәтижесінде мемлекеттік тілді меңгерген облыс халқының тілді меңгерген үлес салмағы артуда. Егер 2009 жылы осы индикатор 33 пайызды құраса, 2020 жылы 54,3 пайызға жеткен. 2005 жылы мемлекеттік органдардағы қазақ тілінде іс жүргізу көлемінің үлес салмағы облыстық құжат айналымының жалпы көлемінде 32 пайызды құраса, 2020 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 95,5 пайызға жеткен. Білім беру жүйесіне келер болсақ, 1990 жылы облыс аумағында 65 қазақ мектебі болса, бүгінгі таңда қазақ тілінде оқытатын және тәрбиелейтін 114 мектеп жұмыс істейді. Ендігі кезекте тұрғындардың мемлекеттік тілді қолданыс аясында белсенді қолдану дағдысын қалыптастыру әрекеттері мақсат болмақ. Бұл, әрине, уақыт еншісіндегі мәселе.

Мақала жетегіндегі ойымызды қорытындылар болсақ, Қазақстанның елдігін, мемлекет ретіндегі дербестігін басты талаптардың бірі ретінде мемлекеттік тілді дамыту мен қолданыс аясын кеңейту мәселесін бір сәтке естен шығармай, күнделікті өмір талабы етіп түсіну қажеттігін әрбір азамат санасымен түйсінуі керек. Алаш көсемдері партия құрып, ұлт зиялыларының басын қосқан саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып және Алаш автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды мақсат етті. Идеялары мен іс-әрекеттері сәтсіздікке ұшырап, жеке бастарын құрбандыққа тікті. Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақтың ұлт болып дамуы мен оның жарқын болашағы үшін күресті. Олар көксеген мақсат-мұраттар араға жетпіс жыл салып, орындалды. Қазақстанның тәуелсіздік тұғырына көтеріліп, желбіреткен егемендік туының самалы өз заманда жүректері «Алаш» деп соғып, жанпидалықпен өмірлерін қиған ұл-қыздарымыздың рухына тағзым еткізері сөзсіз. Олардың идеясы, дана сөздері, үлгі боларлық әрекеттері бүгінгі, болашақ ұрпаққа тауысылмас азық, жігер беретін рух болып, аттары «Қазақ» деген ұғыммен қатарласа жүретіндігі айқын. Қазақтың кешегісі мен бүгінгісі және болашағын ұлтжандылықпен ойлап, зерттеп, саралап кеткен академик Манап Қозыбаевтың «...Ана тілі дамыған, ата тарихы танылған, барша болмысы көркем тілде жазылған халық қана өркениеттің төл перзенті» [10, 221] деген тәмсіл ойын біз де санамызға мықтап түйюіміз керек.

Әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынов. «Тіл тағлымы». Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б. 152 б.
2. Ербол Тілешов, ғалым, алаштанушы. Алаш зиялылары және ұлт тілі. «Тіл әлемі» сайты. 08.09.2016. <https://tilalemi.kz/article/88>
3. Дулатов М. Шығармалар. Алматы. Жазушы. 1991. 332-333 беттер.
4. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы: Ата мұра, 1998. - 360 б. – Б. 33.
5. Мырзатай Жолдасбеков, мемлекет және қоғам қайраткері. Төрлет, Әліппе! Егемен Қазақстан. 22.08.2021. [egemen.kz: https://egemen.kz/article/286025-torlet-alippe!](https://egemen.kz/article/286025-torlet-alippe) © egemen.kz.
6. Қажым Жұмалиев. ақын, абайтанушы, әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы. "Тіл туралы Абайдың өз көзқарасы". 17.09.2013. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/blogs/7548/>

7. Айман Жуманова. Кеңес үкіметі жылдарындағы Қазақстандағы тіл саясаты (1917-1991 жж.) докторлық диссертация. 2014 жыл. Қарағанды. [https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder14360/Диссертационная работа Жумановой А.З. pdf](https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder14360/Диссертационная%20работа%20Жумановой%20А.З.%20.pdf)
8. М. Қозыбаев. Өркениет және ұлт. Алматы. 2001. 221 бет.
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Нұр-Сұлтан, 2019 ж.
10. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы. 1997 ж.

Әдебиет:

1. Ahmet Bajtyrsynov. «Til tarlymy». Almaty: Ana tili, 1992. - 448 b. 152 b.
2. Erbol Tileshov, ғалым, alashtanushy. Alash ziyalyly zhəne ұлт tili. «Til əlemi» sajty. 08.09.2016.<https://tilalemi.kz/article/88>
3. Dulatov M. Shyғarmalar. Almaty. Zhazushy. 1991. 332-333 better.
4. Құл-Мұхаммед М. Alash қajratkerleri sayasi-құқықтық көзқарастарының evolyuciyasy. - Almaty: Ata mұra, 1998. - 360 b. – B. 33.
5. Myrzataj Zholdasbekov, memleket zhəne қоғам қajratkeri. Tərtet, Əlippe! Egemen Қазақстан. 22.08.2021.[egemen.kz: https://egemen.kz/article/286025-torlet-alippe!](https://egemen.kz/article/286025-torlet-alippe!) © egemen.kz.
6. Kazhym Zhұmaliev. ақын, abajtanushy, ədebiettanushy, ғалым, filologiya ғылымдарының doktory. "Til turaly Abajдың өз көзқарasy". 17.09.2013. Ақпарат derekkəzi: <https://massaget.kz/blogs/7548/>
7. Ajman Zhumanova. Кеңес үkimeti zhyldaryндағы Қазақстандағы til sayasaty (1917-1991 zhzh.) doktorlyқ dissertaciya. 2014 zhyl. Қарағанды. [https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder14360/Dissertacionnaya rabota Zhumanovoj A.Z. pdf](https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder14360/Dissertacionnaya%20rabota%20Zhumanovoj%20A.Z.%20.pdf)
8. М. Қозыбаев. Өркениет және ұлт. Алматы. 2001. 221 бет.
9. Қазақстан Respublikasының Konstituciyasy. Нұр-Сұлтан, 2019 zh.
10. Қазақстан Respublikasының «Til turaly» заңы. 1997 zh.